

«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша
білім бөлімінің №28 «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы» КМҚК

Ұйымдастырылған іс-әрекеті
«Көркем әдебиет»

Тақырыбы: Үй жануарлары

Тәрбиеші Утаралиева Н.Т

Ұйымдастырылған іс-әрекеті: «Көркем әдебиет»

Тақырыбы: Үй жануарлары

Мақсаты: Балаларға үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту, олардың аттарын дұрыс атап, төлдерін, дыбыстарын ажырата білуге үйрету;

Көрнекіліктері: Үй жануарлары суреттері, төрт түліктен алынатын өнімдер

Әдіс-тәсілі: көрсету, әңгімелесу, сұрақ-жауап

Шаттық шеңбері:

-Сәлеметсің бе, Айсезім, сен ақылдысың.

-Рақмет

Сәлеметсің бе, Әмір, сен сүйкімдісің .

-Рақмет

-Сәлеметсің бе, Айым, сен мейірімдісің .

-Рақмет

Үй жануарларының суреттері көрсетіледі.

Балалар суреттегі үй жануарларының аттарын атайды.

Бұл үй жануарлары түйе, жылқы, сиыр, қой кімнің үйінде бар?

-Жарайсыңдар!

Балаларға төрт түліктің түрлері, пайдасы туралы әңгімелеу.

Ойын «Дыбысын салу»

Мақсаты: үй жануарларының дыбысын сала білу;

Балаларды өз таңдаулары бойынша топтастыру

Жапсыру

Құрастыру

Төлдерін табу

Сергіту сәті

Маң-маң басқан, маң басқан,

Шудаларын шаң басқан.

Төрт аяғын тең басқан,

Түйе деген мен болам

Дидактикалық ойын: «Қайсысы артық» ойыны.

Ойын шарты: Балаларға слайдтан үй жануарлары мен жабайы аңдардың аралас қойылған суретін көрсетіп, соның ішінде қай жануар артық екенін айту.

Қорытынды:

- Балалар, сендер бүгінгі сабаққа өте жақсы қатыстыңдар. Сендер өте ақылдысыңдар. Жануарлар бізді өзінің сүйкімділігімен, адамға деген достығымен қуантады.

Сондықтан үй жануарларына әрқашан қамқорлық жасап жүріңдер.

Қорытынды

Біз қандай үй жануары түрлерімен таныстық?

Төрт түліктің қандай пайдасы бар?

- Балалар, сендер бүгінгі сабаққа өте жақсы қатыстыңдар. Сендер өте ақылдысыңдар. Жануарлар бізді өзінің сүйкімділігімен, адамға деген достығымен қуантады.

Сондықтан үй жануарларына әрқашан қамқорлық жасап жүріңдер

Балаларды мадақтау

Күтілетін нәтиже:

- Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын біледі;
- Төрт түліктің төлдерін дауыстап шақыра алады;